

Сыр – Анам, Қаратай – Панам!

**Жаңақорған**

**ТЫНЫСЫ**

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Газет  
1933 жылғы  
қыркүйектен  
шыға бастады

### Корымдар құрылыш аландарының астында қалуда

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы тарих және мәдениет ескерткіштерді анықтап, оларды есепке алу, күтіп ұстау, жаңғырту, насихаттауда таптырмайтын құрал. Тарихи орындарды құнтауға мән бере бермейтініміз рас. Оны неге айтып отырмыз. Төл газеттің №79 (8100) нөмірінде «Көне қорымдар қорғауға зәру», №43 (8164) нөміріндегі «Тарихи ескерткіштер – елдіктің бейнесі» атты мақала жарық көрді. Онда Жанақорған кенті МАИ бекеті аумағында көне қорымдардың ахуалы баяндалды. Алайда кент әкімдігі немесе арнайы мекеме осы түрғыда түсіндірме бере алмай келеді.



Тұнғыш Президент «Рухани жаңғыру» бағдарламасында айтқанында, ұлттық код – ұлттың тарихы, ғасырлар бойы қалыптасып, дамыган салт-дәстүр, тіл мен дінге қатысты бабалардың ұстанымы мен қасиеті. Міне, соларды сақтап, одан әрі дамыту жаһандану үрдісіне қарсы тұратын ұлттық иммунитет. Ендеше, ұлттық тарихты қайта жазып, тарихи жадыны тереңінен қалыптастырудың маңызы зор. Тілден, уақыттың қажеттілігі деуге болады. Осыны ескерген аудандық мәдениет және тілдерді дамыту белімі қорымдарды зерттеу үшін бюджетке өтінім берген-ді. Аудандық мәслихат депутаттары жобаны қолдан, наурыз айынан бастап арнайы аймақта Ерлан Әміровтың басшылығымен «Archeo-service» ЖШС ғылыми-зерттеу компаниясы қазба жұмыстарына кірісті.

Бұған дейінгі зерттеу жұмыстарында алтыннан жасалған бір қапсырма, шегенделген алтын таспа белігі және киімді безендіруге арналған алтын сымдар қалдықтары алынды. Алтын сымды жіптің сыртынан орап киімге зер салған деген болжам

бар. Сонымен қатар, екі жүзді етіп темірден жасалған қылыштың бөлігі де табылған (Ғылыми есепте табылған алтын заттардың толық сипаттамасы көрсетілген) еді.

– Бұған дейінгі қорымда бір ғана адамның мәйіті табылған-ды. Бұл жолы бір қорымнан 2-3 мәйіт кездесті. Бірнешеуі тоналғанымен сүйектері ұқыпты қайта қойылғаны байқалған. Обаның сыртқы пішініне, көрдің қазылу тәсіліне қарап оның біздің дәуірімізге дейінгі I-ші мыңжылдықтарға жатқызуға болады деген болжам жасалды. Айта кететіні, тұрғын үйге жер беру және өндірістік мақсатта жерді пайдалану кезінде «Ескерткіштер мен көне тарихи орындарды қорғау туралы» заң өрескел бұзылған. Екі обаның жоғарғы кернеулі электр желілері тартылған жерді қорғау аймағында жатуына байланысты, қазба жұмыстары жүргізілмей қалды. Ал қалған 12 обаға қазба жұмыстары жүргізілуі қажет. Сондықтан құзырлы орындар жер берер алдында осы мәселеге ұқыптылықпен қараса, – дейді археолог Дамир Үмітқалиев.

Археологтың сезі рас. Соңғы жылдары кент тұрғындарының саны артып, территориясы ұлғаюына байланысты қорымдар құрылыс аландарының астында қалуда.

Айта кететіні, қорымдар 45 жыл бұрын космостан түсірілген сурет арқылы белгілі болған еді. XX ғасырдың 80 жылдардың басында аудан басшылығы бұл аумаққа құрылыс жүргізуге тыйым салған-ды. Кезінде тоналған қорымдардан ескі-ескі заманың белгілері табылатыны сезсіз. Тек аудан басшылығы бұдан кейінгі зерттеу, зерделеу жұмыстарына мән берсе болғаны.

P.S.: Ата-бабаның кез-келген тарихи-мәдени мұрасын сақтап, оны насхаттау бізге міндет. Бұл –өткенімізді танып, келешекті бағдарлаудай қажетті құндылық. Осы тұрғыдан есептесек, МАИ аумағындағы сақ дәуіріне жататын қорымдарды сақтап қалу үшін жер телімдерін қайтарып алу және ғылыми паспорттың жасап мемлекеттік тіркеуге алу қажет-ақ. Олай болмаған жағдайда, ескерткішті толықтай археологиялық тұрғыдан зерттеу қынрай түседі.

**Ерубай ҚАЛДЫБЕК**  
13 тамыз 2019 ж.